

БЕСІНШІ БАСЫЛЫМҒА АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітап заманауи саясат пен саясаттануға кіріспе ретінде жан-жақты мағлұмат береді. Ол саясаттанудың кез келген саласы бойынша оқитын студенттерге, сондай-ақ осы пәнге қызығушы оқырманға арналған. Алдыңғы басылымдардағы сияқты, мұнда да саяси ғылымның тұрлаулы мәселелерін қазіргі заманғы оқиғаларды мысал ете отырып қарастырады. Дегенмен қазіргі заманғы оқиғалардың маңызы айрықша екенін айта кетуіміз керек. Себебі 1945 жылдан кейінгі кезеңде либералдық демократия үстемдікке ие болғанымен, кейінгі уақытта оның ұстанымы әлсіреді. Популизм, ұлтшылдық және антиглобализмнің мығым комбинациясынан туған бейлиберал жаңа күштер пайда болды. Алайда бұл жаңа күштердің маңызы және даму жолы беймәлім.

Аталған өзгерістер қалай және не себепті болды? Көптеген зерттеушілердің пікіріне қарағанда, бұл процестегі негізгі фактор 2007–2009 жылдардағы жаһандық қаржы дағдарысы болды. Ол жаңа экономикалық жіктерді көрсетті және әлемнің көп бөлігінде саяси билікке қарсы өшпенділік оятты. Алайда кейбіреулер бір кезеңде әлемге кері бұрылмастай таралған либералдық құндылықтарға қарсы мәдени реакцияның маңыздылығын айтады. 2011 жылғы «араб көктемінің» маңызы, Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстағы демократиялық көтерілістердің тез жеңілуі либералдық демократия таралмай қоймайды деген сенімге күдік түсірді және авторитаризмнің қайта жанданғанын көрсетті. Әйтсе де жаңа саяси ландшафт пайда болды. Оның ең жарқын дәлелі – Дональд Трамптың АҚШ президенті болып сайлануы және Ұлыбританиядағы референдумда Еуроодақтан шығуды қолдайтындардың жеңуі. Екі жағдайда да популист ұлтшылдықтың бас көтеруі дәстүрлі саясат логикасын және ғалымдардың басым бөлігінің болжамдарын теріске шығарды.

Қазіргі саясаттағы осы және басқа да ірі оқиғалардың сипаты мен маңызы «Іс жүзіндегі саясат...» айдарымен берілген материалда талқыланады. Оны кітаптың бүкіл мәтініндегі өзгерістерден көруге болады. Осындай өзгерістерге ұшыраған тақырыптар қатарында мыналар бар: популизм идеологиясы (2-тарау); популизм мен демократияның қарым-қатынасы және демократияның легитимдік беру қабілеті (4-тарау); демократияға қарсы күш ретінде авторитаризмнің бас көтеруі және бейлиберал демократиялардың пайда болуы (5-тарау); ұлтшылдықтың бас көтеруі (6-тарау); жаһандануға қарсы реакция (7-тарау); гендерлік мәселе, бірегейлік және өзгешелік саясаты (8-тарау); мәдени соғыс, әлеуметтік желілердің саяси ықпалы және постшындық саясаты (9-тарау); популистік партиялар мен негізгі партиялар (11-тарау); халықаралық құқық (13-тарау); «мықты басшы» саясаты және популизм мен көшбасшылықтың қарым-қатынасы (14-тарау); Еуроодақ дағдарысы (17-тарау); киберсоғыстардың пайда болуы (18-тарау); қоғамның ресми саясаттан көңілі қалу себебі және оның деңгейі, сондай-ақ бұл проблеманы шешу жолдары (20-тарау).

Осы кітапты дайындап, шығаруға үлес қосқан *Red Globe Press* баспасының барлық қызметкеріне, оның ішінде баспагерім Ллойд Лэнгман мен

редакторым Питер Аткинсонға және өндіріс процесіне жетекшілік жасаған Эми Браунбриджге алғыс айтқым келеді. Аноним рецензенттердің бесінші басылымға қатысты ұсыныстары біраз ой салды және ынталандырды. Әріптестермен және достармен, оның ішінде Кейрон және Дуг Вудвордпен өткізген талқылаулар кітаптағы идеялар мен дәйектерді ұштауға көмектесті. Сонымен қатар осы кітаптың веб-сайтына арналған ресурстарды жасағаны үшін Тереза Рейди мен Джонатан Эвершедке ризашылығымды білдіргім келеді. Осы еңбегім ұлдарым Марк пен Робинге арналады.